

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің **Ғылым жаршысы (пәнаралық) = Вестник науки** Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (**междисциплинарный**). - 2018. - №4 (99). - С.205-215

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Бауэр М.Ш. э.ғ.д., профессор
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Аннотация

Мақалада «Қазақстанның ауыл шаруашылығына жоғары білікті мамандарды тарту үшін жағдайлар жасауға бағытталған ұсыныстар әзірлеу (Ақмола облысы материалдарында)» тақырыбында гранттық қаржыландыру жобасы аясында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстырының нәтижелері берілген. Ауыл шаруашылығы мамандықтарында оқитын соңғы курс студенттері, ауылшаруашылық кәсіпорындары басшылары мен мамандардың арасында өткізілген сауалнама нәтижелері баяндалған. Сондай-ақ кадрлар мәселесін шешудегі дамыған елдердің тәжірибесін Қазақстан жағдайында қолдану мүмкіндігі мен ауыл шаруашылығын білікті мамандармен қамтамасыз етуге қажетті шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстар қаралған.

Зерттеу нәтижелерін экономиканың әр-түрлі салаларын, соның ішінде ауыл шаруашылығын аймақтар, кәсіпорындар деңгейінде кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған жоспарларды жетілдіру мен даму бағдарламаларын жаңарту кезінде қолдануға болады.

Кілттік сөздер: ауыл шаруашылығы, мақсатты топтар, жоғары білікті мамандар, сауалнама, ауылшаруашылық мамандықтарының беделі, ұсынылатын шаралар.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығына дарынды жастар мен жоғары білікті мамандарды тарту

дәстүрлі түрде қалыптасқан мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі күні урбанизацияға деген жаһандық үрдіс, қала мен ауылдық жерлердегі өмір сүру сапасы мен табыс деңгейі арасындағы айырмашылық, ауыл шаруашылығындағы жұмыстың ауырлығы мен еңбек

қарқындылығының төмен болуы және басқа да жағдайлар білікті жас мамандардың басқа салаларға кетуіне түрткі болып отыр.

Еліміздегі үдемелі индустриалды – инновациялық даму шеңберінде аграрлық саланың дамуы «Агробизнес - 2020» Бағдарламасына сәйкес жүргізіледі

[1]. Бұл бағдарлама бойынша 2020 жылға дейін сала дамытуға 3 122,2 млрд.теңге (\$ 17,2 млрд) бөлінді. Инновация еңгізу жолымен ауыл шаруашылығын ауқымды модернизациялау арқылы ғана жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізіп, бөлінген қаражаттарды тиімді пайдалануға болады. Осыған орай, ауыл шаруашылығына дарынды, жоғары білікті және үздік әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын, жаңа технологиялар еңгізіп өнімділікті үнемі арттырып отыратын мамандардың келуі қажет.

Қазіргі кезде Қазақстанда агроөнеркәсіп кешенін кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған әр түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Университеттерге ауыл шаруашылық мамандықтарға оқуға түскенде ауыл жастарына жеңілдік беріледі (ауылдық квота). «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы бойынша ауылға жұмысқа тұратын мұғалімдер, дәрігерлер, мал дәрігерлері бір жолғы ақшалай төлем алу және баспана сатып алу үшін жеңілдетілген несие алу мүмкіндігіне ие [2]. Ауыл инфрақұрылымын дамыту бойынша жарықтандыру, жолдарды, су құбырларын, кәріз жүйелерін

жөндеу сияқты түрлі бағдарламалар іске асырылуда. Оған қоса, жергілікті орындарда әр агроқұрылым кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін өз стратегияларын қалыптастыруда. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, түрлі бағдарламалар іске асырылуына қарамастан ауыл шаруашылығында мамандар жетіспеушілігі сақталуда.

2014 - 2016 жылдары агроөнеркәсіптік кешен үшін мамандар мен ғылыми қызметкерлерге деген сұраныс 6456 адамды құрады, оның ішінде 2014 жылы - 1575 адам, 2015 жылы - 2240 адам, 2016 жылы - 2 661 адам. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің 80% мамандарға мұқтаж. Жоғары оқу орындарының түлектерінен ауыл шаруашылық мамандықтары бойынша тек 55% -ы жұмыспен қамтылған, оның ішінде 43% -ы ауыл квотасы бойынша оқығандар[3].

Осыған орай ауыл шаруашылығына білікті жас мамандардың келуіне жағдайлар жасау мен мемлекеттік қолдау көрсету шараларын жетілдіру өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеу материалдары мен зерттеу әдістемесі

Зерттеу барысында индуктивті және дедуктивтік, сауалнама (сауалнама), жеке және топтық сұхбат, бақылау, статистикалық деректерді өңдеу, салыстырмалы талдау сияқты теориялық және эмпирикалық әдістердің жиынтығы қолданылды. Әдебиеттерге шолу елдегі ауыл шаруашылығын

мамандармен қамтамасыз ету мәселелеріне арналған бұқаралық ақпарат құралдарын, мемлекеттік құжаттарды талдау, сондай-ақ ресми веб-сайттар материалдарын пайдалану негізінде жүргізілді.

Ауыл шаруашылығының кәсіби қызмет саласы ретінде тартымдылығына әсер ететін

жағдайлар тізбесін құру мақсатында отандық және шетелдік мамандардың ауыл шаруашылығын кадрлармен қамтамасыз ету мәселелеріне арналған еңбектерді талдау арқылы пилоттық зерттеу жүргізілді.

Ғалымдардың ғылыми қызығушылығы ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы және нақты әлеуметтік мәселелеріне, сондай-ақ кадр әлеуетін зерттеуге бағытталғандығын атап өтуге болады, нақтырақ айтқанда: ауылдық жерлерді әлеуметтік-экономикалық реформалау мәселелері, қазіргі заманғы қоғамдағы әлеуметтік және құнды өзгерістер және олардың ауылдық қауымдастыққа әсері, жастардың әлеуметтік-кәсіби бағыттылығы [4,5]

Кейбір зерттеушілер өз еңбектерінде университеттегі білім беру үдерістерін басқаруды, білім беру жүйесінің қоғамның әлеуметтік және кәсіби құрылымымен қарым-қатынасын, қазіргі заманғы жастардың кәсіби әлеуметтену сипаттамаларын, аграрлық білім алған студенттердің өмірлік және кәсіптік жоспарларын зерттеуге [6], ауыл шаруашылығында еңбек етуге ынталанадыру мәселелеріне [7,8] назар аударған.

Шетелдік ғалымдардың еңбектері ауыл халқының қартаю проблемаларын зерттеуге, аграрлық университеттердің студенттерін ауыл шаруашылық білім алуды аяқтағаннан кейін олардың ауыл шаруашылығында жұмыс істеуіне бейімділігін, оларды ынталандыру мен кездесетін кедергілер, сондай-ақ ауыл шаруашылығының беделін арттыру мен ауылдық жерлердегі

демографиялық өзгерістерді зерттеуге, сондай-ақ ауыл шаруашылық жұмыстарына басқа елдерден жас мамандарды тарту мәселелеріне арналған [9-15]. Кейбір шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жас фермерлердің ауыл шаруашылығы өндірісіне ақпараттық технологиялар мен инновациялық жетістіктерді енгізудегі басымдықтары қаралған [16]. Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеулерінде ауыл жастарының арасындағы, әсіресе дамушы елдердегі жастар арасындағы жұмыссыздық пен кедейшілік проблемаларына баса назар аударылған [17].

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау жас мамандарды ауыл шаруашылығына тарту және оларды ауылдық жерлерде тұрақтандыруға қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайларды анықтауда теориялық және әдістемелік негіз болды.

Ауыл шаруашылығының тартымдылығына әсер ететін жағдайлардың ерекшелігі негізінен ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымы, ауыл халқының менталитеті, аумақтық-кеңістік, климаттық жағдайлары және басқа да факторлармен анықталады.

Жалпы алғанда, атқарылған жұмыстар нәтижесінде үш жағдайлар тобы анықталды:

а) қаржылық сипаттағы шарттар - жалақы мөлшері және еңбекақы белгілеудегі басқа да шарттар.

б) әлеуметтік-тұрмыстық қамсыздандыру шарттары - тұрмыстық жағдайларға және

ауылдық жерлердегі инфрақұрылымға қол жеткізу.

в) жеке жағдайлар шарттары - мансаптық өсу үшін мүмкіндіктері, өз бизнесін ашу, жаңа қажетті дағдыларды меңгеру.

Сауалнамаға қатысатын үш мақсатты топтар өкілдері анықталды:

- ауылшаруашылық мамандықтары бойынша оқитын С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың соңғы курс студенттері;

- ауылшаруашылық кәсіпорындарының мамандары;

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары - жоғары білікті мамандарға негізгі жұмыс берушілер ретінде.

Белгіленген жағдайларға негізделген әрбір мақсатты топ үшін аграрлық саланың талаптары мен ерекшеліктерін қанағаттандыратын сауалнама нысандары әзірленіп 2015-2017 жылдар аралығында мақсатты топтар арасында сауалнамалар жүргізілді.

Сауалнамаға С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ ауыл шаруашылық

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері.


Зерттеу нәтижелері көрсеткендей ең алдымен, мемлекеттік грантта оқитын студенттер мамандық бойынша белгілі бір уақыт жұмыс істеу міндетті деп есептейді. Сондықтан, респонденттердің басым бөлігі (85,5%) мамандық бойынша немесе

мамандықтары бойынша барлығы 1315 студент (2015- 432, 2016-452, 2017-431) немесе агроөнеркәсіптік кешенмен байланысты мамандықтар бойынша студенттердің жалпы контингентінің 48,1% қатысты.

Сондай-ақ зерттеу жүргізу кезеңінде Ақмола облысы аудандар мен ауылдық округ әкімдіктерінің экономиканы кадрлармен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығын дамытуға жауапты құрылымдық бөлімшелер мамандарынан сұхбаттар алынып, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 138 маман сауалнамаларға жауап берді.

Жүргізілген сауалнамалар нәтижелері өңделіп, талдаулар жасалды. Студенттердің жалпы санынан ЖОО-ға түсу кезінде 2017 жылы 36,7% (2016-33%, 2015-32%) ауылдық жерлерден, 63,3% - қала тұрғындары. Яғни респонденттердің үштен бірі ауыл тұрғындарының өмір сапасы мен еңбек жағдайын сенімді бағалауға қабілетті.

міндетті түрде (48,7%) немесе белгілі бір жағдайларда (36,8%) жұмыс істеу ниеті бар. Респонденттердің тек 14,5% -ы өз мамандығы бойынша жұмыс істегісі келмейді (1-сурет).




1-сурет. Респонденттердің «Сіз алған мамандығыңыз бойынша жұмыс істегіңіз келе ме?» деген сұраққа жауаптарының нәтижелері

Осылайша, респонденттер еңбек нарығындағы нақты жағдайларды есепке ала отырып, сондай-ақ қазіргі уақытта мемлекеттік грант бойынша оқыған барлық түлектерге ауылдық жерлерде міндетті түрде жұмыс істеу талаптарына сәйкес өз мүмкіндіктерін нақты тәжірибеде жүзеге асыру мәселесіне жеткілікті жауап берді деп айтуға болады.

Зерттеу нәтижесінде алынған деректер студенттердің ауылда еңбек ету үшін қажетті әрі маңызды деп таңдаған еңбек жағдайларының келесідей реттік тізбесін құруға мүмкіндік берді (2-сурет).

Жас мамандар үшін ең маңызды фактор лайықты жалақы

болып табылады - респонденттердің 18,8% -ы бұл фактор ауылдық жерлерде жұмыс істеу мәселесін оң шешуге әсер етеді деп күтеді (бұл алдыңғы зерттеулермен салыстырғанда артқан (2015 жылы - 14,7%) %, 2016 жылы 17,3%). Студенттер сондай-ақ неғұрлым дамыған әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым мен тұрақты байланыстар орнату, яғни қаланың ауылға жақындығы және сапалы көлік жолдары маңызды деп есептейді. Бұл көрсеткіш те 2015 жылмен салыстырғанда 2017,2017 жылдары артқанын байқауға болады. Бұл шарт ауылдық жерлерде еңбек етуге қажетті жағдайдың болуы өте маңызды екенін көрсетеді.



2-сурет. Ауылдық жерде еңбек етуге қажетті жағдайлар бойынша сауалнама нәтижесі

Жас мамандар үшін тұрғын үй мәселесін шешу мүмкіндігі де басты мәселелердің біріне жатады, респонденттердің 12,1% -ы 2017 жылы тегін қызметтік баспанамен қамтамасыз етілуін қалайды, бұл көрсеткіш те алдыңғы жылдармен салыстырғанда (тиісінше 7,3% және 7,4%) артқан.

Атап өтетін жағдай студенттердің көп бөлігі өздерінің туып өскен ауылдарына қайтып оралуды міндетті деп санамайды. Сондықтан ауылшаруашылығы кәсіпорындарынан жоғары оқу орындарына талапкерлерді жолдамамен жіберу қажеттігін айтуға болады.

Ауыл шаруашылығында қызмет етіп жүрген мамандар да

өмір сүру сапасын көтерудің басты факторы лайықты жалақы деп санайды.

Сондай-ақ ауылшаруашылығы мамандарының 40 пайыздан жоғары бөлігі сумен, жылумен қамтамасыз ету және басқа да коммуналдық қызмет көрсету жүйесін дамытуға баса назар аудару керектігін атап көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан кәсіпорын басшыларының 33,2 % ауылға келген түлектерге жас маман ретінде қосымша жалақы белгілеу оларды ауылдық жерлерде тұрақтандырудың тиімді шаралары ретінде қарастырады. Сондай-ақ кәсіпорын басшыларының 41,5% тұрғын үйді өз меншігіне жеңілдіктермен сатып алу мүмкіндігі жас мамандардың баспана мәселесін шешуіне

жағдайлар жасайды деген пікірлер білдірді. Жоғарыда атап кеткендей студенттердің 12,1% -ы тегін

Алынған мәліметтерден агроқұрылымдар басшылары пікірлерінің түлектердің үміттері мен талаптарына нақты сәйкес келуін байқауға болады.

Сауалнама нәтижелері мамандардың жауаптары мен студенттердің талаптары арасында корреляциялық байланыстың бар екенін көрсетеді. (Кесте1).

Мамандар сауалнамасында берілген «Сіздің жұмысыңызда неге көңіліңіз толады?» сұрағы мен студенттерге арналған сауалнама сұрағы «Сіз ауылдық жерлерде жұмыс істегіңіз келеді, себебі ...» арасындағы корреляциялық байланыс 0,29 –ға тең. Ал мамандарға қойылған «Сіздің жұмысыңызда неге көңіліңіз толмайды?» және студенттерге арналған «Сіз ауылда жұмыс істегіңіз келмейді, себебі ...» сұрақтары ең жоғары корреляцияны

қызметтік баспанамен қамтамасыз етілуін қалайды.

көрсетті. Анықталған корреляция деңгейі бірнеше жағдайлар негізінде қалыптасты: ауылдық жерлердегі ауыр еңбек жағдайлары, төменгі жалақы, қолайсыз еңбек кестесі, мансаптық және кәсіптік өсудің болмауы т.б объективті факторлар.

Социологиялық зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтер кейін ауыл шаруашылығына жоғары білікті мамандарды тартуға бағытталған ұсыныстар кешенін әзірлеуде негіз болды.

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ауыл шаруашылығын жас білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесі бойынша дамыған елдердің тәжірибелеріне сараптамалар жүргізіліп, олардың үздік тәжірибесін Қазақстан жағдайында қолдануға мүмкіндік беретін тиімді шаралар анықталды.

Кесте - 1 Мамандардың пікірлері мен студенттердің талаптары арасындағы корреляциялық байланыс коэффициенттерінің жалпы кестесі

Сұрақтар	Егер сіз өзіңіздің тұрғылықты жеріңіздегі тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік алсаңыз, сіз алдымен нені таңдай аласыз?	Сіздің жұмысыңызда неге көңіліңіз толады?	Сіздің жұмысыңызда неге көңіліңіз толмайды?	Сіз ауылдық жерлерде жұмыс істегіңіз келеді, себебі ...	Сіз ауылда жұмыс істегіңіз келмейді, себебі ...
----------	---	---	---	---	---

Сұрақтар	Егер сіз өзіңіздің тұрғылықты жеріңіздегі тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік алсаңыз, сіз алдымен нені таңдай аласыз?	Сіздің жұмысыңызда неге көңіліңіз толады?	Сіздің жұмысыңызда неге көңіліңіз толмайды?	Сіз ауылдық жерлерде жұмыс істегіңіз келеді, себебі ...	Сіз ауылда жұмыс істегіңіз келмейді, себебі ...
Егер сіз өзіңіздің тұрғылықты жеріңіздегі тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік алсаңыз, сіз алдымен нені таңдай аласыз?	1.00	0.19	0.05	0.10	0.13
Сіздің жұмысыңызда неге көңіліңіз толады?	0.19	1.00	-0.09	0.29	0.13
Сіздің жұмысыңызда неге көңіліңіз толмайды?	0.05	-0.09	1.00	0.16	0.39
Сіз ауылдық жерлерде жұмыс істегіңіз келеді, себебі ...	0.10	0.29	0.16	1.00	- 0.05
Сіз ауылда жұмыс істегіңіз келмейді, себебі ...	0.13	0.13	0.39	-0.05	1.00

Сонымен ғылыми-зерттеу нәтижесінде жас білікті мамандарды ауыл шаруашылығына тартуға бағытталған негізгі шаралар кешені әзірленді.

1. Ауыл шаруашылығы мамандықтарының беделін арттыру.

Біріншіден, кез-келген қызметкерлер мен жас мамандар үшін басымдылық - бұл жалақы мөлшері. Айта кету керек, Қазақстан

Республикасының ауыл шаруашылығында қазіргі уақытта ең төмен еңбекақы төлеу деңгейі және жалақыны көтеру бойынша іс жүзінде ешқандай резерв жоқ. [17]. Бұл жағдай ауыл шаруашылығын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешуге кері әсер етеді. Демек, мемлекеттік органдар ауыл шаруашылығында жалақы деңгейін жоғарылату үшін тиімді шараларды қабылдауы керек.

Екіншіден, ауылдық жерлерде жұмыс істеуге оң көзқарас қалыптастыру керек және де жастар арасында аграрлық мамандықтар мен мамандардың әлеуметтік беделін арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізу қажет. Бұл бағытта АҚШ тәжірибесін тиімді деп айтуға болады [18].

Үшіншіден, ауыл шаруашылығын дамытуға қатысатын жастардың мансаптық өсуін жарнамалық насихаттауды дамыту және соның негізінде басқаларды аграрлық мамандықты таңдауға шақыру [19,20].

Төртіншіден, ауыл шаруашылығында жұмыс үлкен физикалық және психикалық факторлармен байланысты, сондықтан ауыл шаруашылығы мамандары сапалы медициналық көмекке мұқтаж. Осыған орай ауыл шаруашылығы қызметкерлері үшін «әлеуметтік пакет» қалыптастыру аграрлық секторда жұмыс істеу беделінің артуына әкеледі.

2. *Ауыл шаруашылығы мамандары үшін тұрғын үй мәселесін оңтайлы шешу жолдарын өзгерту қажет.* Бұл мәселені шешудің тиімді жолдары ауылда жұмыс істеуге ниет білдірген жас мамандарды арнайы кәсіби тұрғын үймен қамтамасыз ету немесе жұмыс берушінің қаражаты есебінен кейіннен өтеу немесе бөліп төлеу жағдайын қамтамасыз ету болып табылады.

3. *Ауылдық және қалалық жерлерде өмір сүру жағдайларын үйлестіру бағыттарының бірі ретінде көлік мәселесін шешу.* Ол үшін ауылдық бағыт бойынша және облыстық маңызы бар қала арасында

жоғары жылдамдықтағы көлік инфрақұрылымын құру қажет. Бұл ауылдық жерлер мен қала арасындағы ауылшаруашылық қызметкерлерінің тұтынушылық және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін ыңғайлы, қауіпсіз және тұрақты байланыспен қамтамасыз етері сөзсіз. Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің

4. *Ауылдық жерге жұмыс істеуге келген мамандардың балалары үшін қолжетімді, жеткілікті, сапалы мектепке дейінгі және мектепте білім беруді қамтамасыз ету.* Бұл шара, ең алдымен ауыл тұрғындары үшін және таяу болашақта отбасын құруды жоспарлайтын жас мамандар үшін маңызды фактор болып табылады.

5. *Тұрақты өмір сүруге қажетті мөлшерде сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен басқа да қызметтерінің тиісті деңгейін қалыптастырған жағдайда,* сауалнама нәтижелеріне сәйкес ауыл шаруашылығында жұмыс істегісі келетін түлектер саны 3% дан 10% -ға артады

6. *Ауылдық жерлерде халықтың қалыпты өмірлік белсенділігін ұйымдастыру үшін мәдениет, спорттық мекемелерді құру маңызды рөл атқарады,* өйткені қалаларда бұл қызметтердің деңгейі жоғары болғандықтан бүгінгі күні ауылдық жерлерге қойылатын талаптар артып отыр.

7. *Ауылдық жерге жұмыс орнына келген жас мамандар, әсіресе ерлі-зайыптылар, өздерінің*

отбасы мүшелері үшін жұмыссыздық факторымен кездеседі. Ақмола облысы бойынша халықты жұмыспен қамту бағдарламаларын талдау нәтижесінде ауыл шаруашылығы мамандарының отбасы мүшелері үшін бос жұмыс орындарының жеткіліксіз немесе толық болмауы анықталды. Осыған байланысты *ауыл шаруашылығына тартылған жоғары білікті мамандардың отбасы мүшелеріне арналған ауыл шаруашылығына жатпайтын өндіріс орындарын ашу, кәсіпкерлікті дамытуды қоса алғанда, жұмыспен қамтудың тиімді бағдарламаларын әзірлеуде басымды бағыт ретінде қаралуы тиіс* [21,22].

8. Нормативтік-құқықтық құжаттарда мемлекеттік грант бойынша оқыған түлектердің мамандық бойынша ауыл шаруашылығында 3 жыл жұмыс істеу міндеті қаралған. Дегенмен нақты тәжірибеде мамандар тарапынан қойылған талаптардың бұзылу жағдайы байқалады. *Осыған*

орай аталған міндеттемелерді келісім-шарт негізінде рәсімдеп, орындау шарттарын қатайту қажет [23].

9. *Ауылшаруашылық кәсіпорындарын мақсатты субсидиялау механизмін жетілдіру, оның ішінде жас маманға жалақы мөлшерін көтеру үшін қажетті шығындардың 50-70%-н өтеу қажеттігі. Бұл мәселені шешудегі Ресей тәжірибесін айтуға болады* [24,25].

10. *Ауылдық мектептерде ауылшаруашылық профилі бойынша мамандандырылған сыныптар құру негізінде ауыл мектептері мен ауылшаруашылық кәсіпорындары арасында келісім шарттар жасау. Ауыл шаруашылық өндірісіне мамандарды даярлаудың осы жүйесін енгізудің тиімді әсерін алу үшін ауыл мектептерінде оқу жоспарларын қайта қарау, сондай-ақ келісімшарт бойынша жауапкершілікті, оның шарттарын сақтамағаны үшін талаптарды қатайту қажет* [26].

Алынған нәтижелерді талқылау және қорытынды.

Ауыл шаруашылық өндірісінің тиімді жүйесін қалыптастырудың маңызды шарты білікті еңбек ресурстарының болуы - техникалық, агрономиялық, экономикалық салаларда білімдері мен дағдылары бар мамандардың болуы. Адами фактор аграрлық секторды қамтамасыз ету мен жетілдірудің іргетасы болып табылатындығын ескере отырып, жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі қазіргі мемлекеттік аграрлық саясаттың

бүкіл үрдісін тежейтіні мәлім. Қазақстанда бұл өндірісті автоматтандыру мен модернизациялауға емес (дамыған елдердегідей), өндірістердің тиімсіздігі мен төмен жалақыға байланысты ауыл шаруашылық саласында еңбек ету беделінің төмен болуына байланысты.

Ауыл шаруашылығына білікті кадрларды тарту мәселесі ауылдық жерлердегі өмір жағдайынан туындайды. Зерттеулер нәтижелері

көрсеткендей, көптеген жас мамандар үшін маңызды мәселелер тұрғынүй-коммуналдық және тұрмыстық қолайсыз жағдайлар, ауылдық жерлердегі әлеуметтік-мәдени мекемелердің жетіспеушілігі, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің шектеулі және төмен деңгейі.

Кезінде Генри Форд тек әлеуметтік қиындықтарды басынан кешірмеген адам ғана сапалы түрде жұмыс істейтінін өзінің тәжірибесінде дәлелдеген болатын [27].

Осыған байланысты ауылға мамандарды тарту мәселесін шешкен кезде мемлекеттің тек ақшалай қолдау көрсету саясатын қарастыру жеткілікті емес, сонымен бірге аграрлық саланың беделін көтеруге және ауыл халқының әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығын білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін ауылдық

жерлерде өмір сүруге және жұмыс істеуге ынталандыратын арнайы бағдарламаларды қабылдау қажет, олардың іске асырылуы жас мамандардың ауылдық жерлерге келу ағымын өсіреді деп сенуге болады.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру кадрлық үдерістерді тиімді мемлекеттік реттеуге, жоғары білікті мамандардың ауылға келуіне экономикалық жағдайлар жасау мен оларды ауылдық жерлерде тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген ауыл шаруашылығына мамандарды тартуға бағытталған ұсыныстар Ақмола облыстық агроөнеркәсіп кешенін кадрлармен қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдардың өкілдерімен, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшыларымен талқыланып, аталмыш ұсыныстарды аймақтық даму бағдарламаларын әзірлеу үдерісінде ескеру қажеттігі мақұлданды.

Әдебиеттер тізімі

1 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен бекітілген.

2 «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарлама «Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу және тұруға арналған білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спортқа әлеуметтік қолдау көрсетуді көздейтін ережелер» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысымен бекітілген.

3 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығы.

4 Новиков В.Г., Староверов В.И. Сельская молодежь как источник обеспечения АПК РФ кадрами // Социальные проблемы российского села. М.: ФГОУ РАКО АПК. - 2009. -№7.- С. 14-25

5 Широкалова Г.С., Дерябина О.Н. Специалисты для села и село для специалиста// Социологическое исследование. - 2010. - №10. – С.19-26

6 Кузнецова А.Р. Воспроизводство квалифицированных кадров сельского хозяйства: теория, методология, практика // Автореферат на соискание ученой степени доктора экономических наук. - Санкт-Петербург-Пушкин, 2011.- 50 с.

7 Акимбекова Ш.У. «Мотивация труда как фактор повышения трудовой активности и занятости сельского населения» // Проблемы агрорынка. – Алматы, 2012. - №2. – С. 29-38

8 Досумова Ж.С. «Социологические аспекты мотивации труда сельских жителей Ордабасынского района ЮКО» // Проблемы агрорынка. – Алматы, 2012. - №4.- С. 31-40

9 Beedell, J., Rehman, T. Using social-psychology models to understand farmers' conservation behavior, Journal of rural studies, Vol.16, Iss 1, pag. 117-127, Jan. 2000.

10 Mary E. Miller, Barbara C. Lee, Developing a Model Policy on Youth Employment in Agriculture, Journal of Agro medicine, Vol. 19, Iss. 3, 2014.

11 Earl B. Russell, Attracting Youth to Agriculture // University of Illinois - Urbana- Champaign [Электрон. ресурс].- 1993. - URL:<http://www.joe.org/joe/1993winter/a2.php>. (қаралған мерзім 15.09.15).

12 Holz-Clause M.,Jost M. Using Focus Groups to Check Youth Perceptions of Agriculture. Iowa State University ExtensionAmes. – Iowa, [Электрон. ресурс].- 1995.- URL:<http://www.joe.org/joe/1995june/a3.php> (қаралған мерзім 15.09.15).

13 Webster N., Ganpat W. St Vincent Youth and Careers in Agriculture// Journal of Agricultural Education and Extension. - 2014. - Vol. 20, URL:<http://www.tandfonline.com/page/termsand> conditions. (қаралған мерзім 20.09.15).

14 Traikova D.,Mollers J., Petrick M Go west? Emigration intentions of young Bulgarian agricultural specialists, Journal of rural studies, Vol.62, Iss 3, pag. 134-145, Aug. 2018.

15 McKillop J., Heanue K., Kinsella J. Are all young farmers the same? An exploratory analysis of on-farm innovation on dairy and drystock farms in the Republic of Ireland, Journal of agricultural education & extension, Vol.24, Iss 2, pag. 137-151, 2018.

16 Youth and agriculture: Key challenges and concrete solutions// Published by the Food and Agriculture Organization of the United Nations (FAO) in collaboration with the Technical Centre for Agricultural and Rural Cooperation (CTA) and the International Fund for Agricultural Development (IFAD) [Электрон. ресурс] 2014.- URL:www.fao.org/publications. (қаралған мерзім 25.09.15)

- 17 Таипов Т.А. Социальная поддержка молодых специалистов как необходимое условие риск-менеджмента в сельской местности республики [Электрон. ресурс].- <https://articlekz.com/article/14100> (қаралған мерзім 16.03.17)
- 18 Драганчук М. Сельское хозяйство США [Электрон. ресурс].- 2010.- <http://farmer-business.info/articles.php>(қаралған мерзім 20.10.15)
- 19 Сельское хозяйство Германии Достижения в цифрах и фактах - Федеральное министерство продовольствия, сельского хозяйства и защиты прав потребителей Федеративной Республики Германия (BMELV), Берлин . - 2010 г. – С. 220
- 20 Freije AN., Sisson A., VanDeWalle B., Gerber C., Mueller D., Wise KA. Preparing Youths for Careers in Agriculture Through State Crop Scouting Competitions Journal of agricultural education & extension, Vol.55, Iss 4, pag. 120-135, Aug. 2017.
- 21 Аграрное законодательство стран-членов ЕС [Электрон. ресурс] <http://lektsii.net/3-52304>, <http://studbooks.net/57584/> (қаралған мерзім 14.10.17)
- 22 Теоретико-методологические подходы к диверсификации сельской экономики в ЕС и Украины/ Т.О. Зинчук, Н.Н.Куцмус.- Никоновские чтения. Выпуск № 12 , 2007.- С. 182
- 23 Белокопытов А.В. Совершенствование закрепляемости молодых кадров в аграрном секторе экономики региона // Экономика труда. 2015. – Том 2. – № 4. – С. 255–266. – doi: 10.18334/et.2.4.1919
- 24 Федеральная целевая программа «Устойчивое развитие сельских территорий на 2014-2017 годы и на период до 2020 года»: постановление Правительства РФ от 15.07.2013 № 598.
- 25 Кузнецова А. Опыт российских регионов по закреплению молодых специалистов в аграрном секторе экономики//Международный сельскохозяйственный журнал. - 2008.- №1. С.23-24.
- 26 Щербинин В.В., Емелин К.Г. О взаимодействии вуза со школами по организации заочного агрокласса [Электрон. ресурс] <http://do.gendocs.ru/docs/index-11952.html?page=26>(қаралған мерзім 21.05.16)
- 27 Котляр С. Общественные работы. Способы снизить «температуру» на рынке труда //Человек и труд. 2010. №3.- С. 55-56

REFERENCES

- 1 2013-2020 zhyldarga arналған «Agrobiznes-2020» Kazakhstan Respublikasyndaуy agroonerkasiptik keshendi damytu bagdarlamasy. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2013 zhylygy 18 akpandagy № 151 kaulysymen bekitilgen.
- 2 «Diplommen auylga» memlekettik bagdarlama «Kazakstan Respublikasynda auylдыk eldi mekenderde zhumys isteu zhәне turuga arналған bilim, densauylыk saktau, aleumettik kamsyzdandyru, madeniet zhane sportka aleumettik koldau korsetudi kozdeytin erezheler» Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2009 zhylygy 18 akpandagy № 183 kaulysymen bekitilgen

3 2017-2021 zhyldarga arnalgan Kazakstan Respublikasynyn agroonerkasiptik keshenin damytudyn memlekettik bagdarlamasy. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2017 zhylygy 14 akpandagy № 420 Zharlygy.4 Novikov V.G., Staroverov V.I.

4 Sel'skaya molodezh' kak istochnik obespecheniya bezopasnosti zhil'ya v Rossiyskoy Federatsii /. Sotsial'nyye problemy v russkoy derevne. M.: FGU RAKO APK. - 2009. - №7.- P. 14-25.

5 Shirokalova G.S., Deryabina O.N. Spetsialisty dlya sela i selo dlya spetsialista // Sotsiologicheskiye issledovaniya. - 2010. - №10. - p. 19-26

6 Kuznetsova A.R. Rekonstruktsiya kvalifitsirovannykh kadrovyykh navykov grazhdanstva: teoriya, metodologiya, praktika // Avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni doktora ekonomicheskikh nauk. - Sankt-Peterburg-Pushkin, 2011.- 50 p.

7 Akimbekova SH.U. «Faktor motivatsii v usloviyakh truda kak faktor proizvoditel'nosti truda i zanyatosti sel'skogo naseleniya» / Problemy agrobiznesa. - Almaty, 2012. - №2. - P. 29-38

8 Dosumova ZH.S. "Sotsiologicheskiye aspekty motivatsii fermerov v Ordabasinskom rayone YUKO" / Problemy agropromyshlennogo kompleksa - - Almaty, 2012. - №4.- P. 31-40

9 Bidell Dzh., Rekhman T. Ispol'zovaniye modeley sotsial'noy psikhologii dlya ponimaniya povedeniya fermerov po sokhraneniyu. Zhurnal sel'skikh issledovaniy, tom 16, vypusk 1, p. 117-127, yanvar' 2000.

10 Meri E. Miller, Barbara K. Li, «Razrabotka tipovoy politiki v oblasti zanyatosti molodezhi v sel'skom khozyaystve», zhurnal «Agromeditsina», vyp. 19, vyp. 3, 2014

11 Erl B. Rassel, «Privlecheniye molodezhi k sel'skomu khozyaystvu» // Illinoyskiy universitet - Urbana-Shampeyn [Elektron. resurs] .- 1993. - URL: <http://www.joe.org/joe/1993winter/a2.php>. (srok podachi 15.09.15).

12 Khol'ts-Klaus M., Yost M. Ispol'zovaniye fokus-grupp dlya proverki yunosheskogo vospriyatiya sel'skogo khozyaystva. Rasshireniye Universiteta shtata Ayova. - Ayova, [Elektron. resurs] .- 1995.- URL: <http://www.joe.org/joe/1995june/a3.php> (redaktsiya 15.09.15).

13 Vebster N., Ganpat V. Sent-Vinsent Molodezh' i kar'yera v sel'skom khozyaystve // Zhurnal sel'skokhozyaystvennogo obrazovaniya i rasprostraneniya. - 2014. - Vyp. 20, URL: http://www.tandfonline.com/page/termsand_sroki. (srok rassmotreniya 20.09.15).

14 Traykova D., Mollers Dzh., Petrik M. Idti na zapad? Emigratsionnyye namereniya molodykh bolgarskikh spetsialistov po sel'skomu khozyaystvu, Zhurnal sel'skikh stadionov, tom 62, vypusk 3, p. 134-145, avgust 2018.

15 McKillop J., Heanue K., Kinsella J. Yavlyayutsya li vse molodyye fermery odinakovymi? Zhurnal sel'skokhozyaystvennogo obrazovaniya i rasprostraneniya, tom 24, vypusk 2, p. 137-151, 2018.

16 Molodezh' i sel'skoye khozyaystvo: osnovnyye problemy i konkretnyye resheniya // Izdano Prodovol'stvennoy i sel'skokhozyaystvennoy organizatsiyey Ob'yedinennykh Natsiy (FAO) v sotrudnichestve s Tekhnicheskim tsentrom

sel'skokhozyaystvennogo i sel'skokhozyaystvennogo razvitiya (MFSR) [Ye. resurs] 2014.- URL: www.fao.org/publications. (period vremeni peresmotren 25.09.15)

17 Taipov T.A. Sotsial'naya podderzhka molodykh spetsialistov kak sistema upravleniya riskami v sel'skoy mestnosti [Elektron. resurs] .- <https://articlekz.com/article/14100> (ispravlennaya versiya 16.03.17)

18 Draganchuk Sel'skoye khozyaystvo SSHA [Elektron. resurs] .- 2010.- <http://farmer-business.info/articles.php> (Posledneye obnovleniye 20.10.15)

19 Lichnyye dostizheniya v Germanii v tsifrakh i faktakh - Federal'noye ministerstvo zdravookhraneniya, prava na zemlyu i sobstvennost' Federativnoy Respubliki Germaniya (BMELV), Berlin. - 2010 P. 220

20 Freije AN, Sisson A., VanDeWalle B., Gerber C., Mueller D., Wise KA. Podgotovka k molodezhnoy kar'yere v sel'skom khozyaystve, Gosudarstvennyye sorevnovaniya po razvedke urozhaya, tom 55, vypusk 4, p. 120-135, avgust 2017.

21 Agrarnoye zakonodatel'stvo Yevropeyskogo Soyuzha [Elektron. resurs] <http://leksii.net/3-52304>, <http://studbooks.net/57584/> (srok podachi 14.10.17)

22 Teoretiko-metodologicheskiye podkhody k diversifikatsii agrarnoy ekonomiki v YES i Ukraine / T.O. Zinchuk N.N., Kutsmus.- Nikonovskiye fatsii. Vykhod № 12, 2007.- P. 182

23 Belokopytov A.V. Nadzor za molodymi fermerami v sel'skokhozyaystvennom sektore regiona // Ekonomicheskiye tury. 2015. - Tom 2 - № 4. - S. 255-266. - doi: 10.18334 / p.2.4.1919

24 Federal'naya kleyevaya programma «Ustoychivoye blagosostoyaniye sel'skikh territoriy na period 2014–2017 i do 2020 goda»: ucheniye Pravitel'stva Rossiyskoy Federatsii ot 15.07.2013 № 598.

25 Kuznetsova A. Diskriminatsiya v rossiyskikh regionakh putem vospitaniya molodykh spetsialistov v agrarnom sektore ekonomiki // Mezhdunarodnyy sel'skokhozyaystvennyy zhurnal. - 2008.- №1. P.23-24.

26 Shcherbin V.V., Yemelin K.G. O snoshenii s nekrasivoy organizatsiyey agroklaza vymeni [Elektron. resurs] <http://do.gendocs.ru/docs/index-11952.html?page=26> Data prosmotra 21.05.16) 27 Kotlyar. Obshchestvennaya rabota. Otklyuchit' temperaturu "na rynke" // Chelovek i trud. 2010. №3.- P. 55-56

ПРОБЛЕМЫ ПРИВЛЕЧЕНИЯ И ЗАКРЕПЛЕНИЯ ВЫСОКОКВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ

*Бауэр М.Ш. д.э.н., профессор
Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина*

Резюме

В статье представлены результаты научного исследования по разработке рекомендации по созданию условий, необходимых для привлечения высококвалифицированных специалистов в сельское хозяйство Казахстана (на материалах Акмолинской области), проведенного в рамках грантового

финансирования. Представлены материалы опроса студентов выпускных курсов сельскохозяйственных специальностей, руководителей и специалистов сельскохозяйственных предприятий. Даны предложения по использованию зарубежного опыта в Казахстане и рекомендации по обеспечению сельского хозяйства высококвалифицированными специалистами.

Результаты исследования могут быть применены в деятельности сельскохозяйственных предприятий по вопросам обеспечения необходимыми трудовыми ресурсами, при разработке мероприятий по совершенствованию существующих или при разработке новых программ по привлечению кадров в различные отрасли экономики, в первую очередь сельское хозяйство.

Ключевые слова: сельское хозяйство, целевые группы, высококвалифицированные специалисты, анкетирование, престиж сельскохозяйственных специальностей, рекомендуемые меры

PROBLEMS OF ATTRACTION AND FIXING OF HIGHLY QUALIFIED SPECIALISTS IN AGRICULTURE

*Bauer M. Sh., Doctor of economic sciences, Professor
S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University
010011, Kazakhstan, Astana, Zhenis avenue 62. mairak@bk.ru*

Summary

The article presents the results of scientific research to develop recommendations on creation of conditions necessary to attract highly qualified specialists in the agriculture of Kazakhstan (on materials of Akmola region), conducted as part of grant funding. There are materials of a survey of graduate students of agricultural specialties, managers and specialists of agricultural enterprises. There are proposals for the use of foreign experience in Kazakhstan and recommendations for providing agriculture with highly qualified specialists.

The research results can be applied to the activity of the agricultural enterprises on the provision of necessary human resources in the development of measures to improve existing or development of new programs to attract personnel in the various sectors of the economy, primarily agriculture.

Keywords: agriculture, target groups, highly qualified specialists, questioning, prestige of agricultural specialties, the recommended measures